

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Нұртас Оңдасыновқа 120 жыл

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.10.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/166241/>

## «Н.Оңдасынов атындағы №14 жалпы білім беретін мектеп»

## коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## Шаулиева Сапаркул Тұрлыбекқызы -Н.Оңдасынов атындағы №14 ЖББМ директоры

Мемлекет және қоғам қайраткері, тілші-ғалым Н.Оңдасыновтың 120 жылдық мерейтойына орай «**ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА**» тақырыбында 15-қазан 2024 жылы ғылыми-практикалық конференция өтті.

Нұртас Оңдасыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеу-тану мәселелері; мемлекет және қоғам қайраткерінің қазақ білімінің, ғылымының, мәдениетінің дамуы жолындағы орасан зор еңбектерін жас ұрпаққа таныту жұмыстарының жүргізілу деңгейін анықтау; Нұртас Оңдасыновтың азаматтық ұстанымдарын адамгершілікке, елжандылыққа баулу, оқыту мен тәрбие үдерісінде қолданудың мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында өткізілген конференцияның міндеті: Қазақтың біртуар азаматы, қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың қазақ ғылымының, білімінің, мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында сіңірген еңбегінің зор екені дәріптеледі; заманы мен адамының аумалы-төкпелілігіне қарамастан, еліне қызмет ете алған көрнекті мемлекет қайраткеріретінде феноменалды бейнесі айқындалады; Нұртас Оңдасыновтың тұлғалық ерекшеліктері сараланып, ЖОО, мектеп білім беру мен тәрбие үдерісінде қолданудың жолдарын нақтылау болды.

Конференцияда мектебіміздің 10 сынып оқушысы Орынбасар Елдос «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» жайлы слайд презентация қорғады. Сондай-ақ «Биліктен биік тұлға» тақырыбында жазушы, журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Оңдасыновтанушы -Гүлсім Оразалықызы Нұртас аға жайлы ақтарыла сыр шертті. Тарих ғылымдарының кандидаты «Ж.Ташенов» университетінің оқытушысы Мейірбеков Мырзабай «**Ұлтжандылық . Тазалық .**

**Тектілік»** тақырыбында баяндама оқыды.

Дарын мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі Алтынай Молдадосова **«Қилы заманның тұғырлы тұлғасы Н.Оңдасынов»** тақырыбында баяндама оқыды.

**Адам баласының бойында кездесетін тектілік-ең асыл қасиеттерінің бірі. Бұл туралы қазақ халқы өте көп айтқан. Сондай тамаша қасиет Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлының бойында болды. Киелі жер Түркістан перзенті текті елдің жалғасы екендігін ісімен, өмір жолындағы қызметі бабында жүріп, өз халқына деген адалдығымен жеке дара қасиеттерімен ерекшеленген бір туар азамат екендігін байқатты. Оған замандастары мен бүкіл қазақ халқы куә. Адамды тану қасиеті - ол ел басқаратын тұлғалардың бойында кездесетін ерекше сезімталдық түйсігі. Қайраткер тұлғаның туа біткен ерекше қабілеттерінің қыры- өткірлік болатын. Мұндай адам билік басында отырған уақытта өз еліне қажетті күрделі мәселелерді шешуде өткірлік танытатыны анық - деп, Жетісай ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Махамбет Айтбай ағамыз сындарлы сыр ақтарды.**

**Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлының шығармашылығы - ұлттық тақырыптарға, қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне негізделген. Оның еңбегі ұрпаққа патриоттық сезім мен ұлттық мақтаныш адамгершілік, отаншылдық, адалдық секілді құндылықтарды беретіні жайлы құнды қызметтерін «Шаңырақ» ұлттық агро қозғалысы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы және Шымкент қаласы филиалдарының басшысы Әліпбек Бақтыбек атап өтті.**

**Ол кісі \*Қоғамдық қызметі\* тек шығармашылықпен айналысып қана қойған жоқ, сонымен қатар қоғамның белсенді мүшесі болды. Ол ұлттық білім беру, мәдениет пен өнерді дамыту үшін көп еңбек етті. Өзінің қызметінде жастарға білім беру мен тәрбиелеуге ерекше назар аударғаны жайлы да тебірене тарихына сыр шертті.**

**Қорытындылау барысында мектеп директоры Шаулиева Сапаргүл Тұрлыбекқызы Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың 120 жылдығын атап өту - тек тарихи тұлғаны еске алу емес, сонымен қатар оның мұрасын насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру, ұлттық рухты көтеру, идеялары біз үшін бүгінгі таңда да өзекті, және біз оның өнегесін ұмытпауымыз қажет. Бүгінгі күні еңбектері мен идеяларын насихаттау маңызды. Оның шығармаларын оқу, жастарға таныстыру арқылы біз қазақ мәдениетін, ұлттық құндылықтарды дамытуға үлес қосамыз. Оның мұрасын насихаттау - біздің ұлттық санамыздың бір бөлшегі — деп іс-шараны қорытындылады.**

Шаулиева Сапаркул Тұрлыбекқызы -Н.Оңдасынов атындағы №14 ЖББМ директоры

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.